ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ
АССОЦИАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ
СЫР ТАБИҒАТЫ

СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

12+ №33(511)
17 қыркүйек сентября september 2025
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ҚЫЗЫЛОРДАДА РҰҚСАТСЫЗ ҚОҚЫС ТАСТАЛҒАН ОРЫНДАР САНЫ 5 ЕСЕ АЗАЙДЫ

Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ арасындағы меморандум аясында Қызылорда облысында космостық түсірілім арқылы рұқсатсыз қоқыс орындарын анықтау және тазарту жұмысы жалғасын тауып келеді.

Облыстық Экология департаментінен мәлімдегендей, 2018 жылдан бастап «Қазақстан Ғарыш сапары» ұлттық компаниясының космостық түсірілімі нәтижесінде рұқсатсыз қоқыс орындары 5 есе азайды.

– Биыл 9 айда ғарыштық мониторинг арқылы рұқсатсыз қалдық төгілген 113 орын анықталды. Оны 100%-ға тазарту арқылы өніріміз республикада 1-орынға шықты. Қызылорда қаласының 50 шақырымдық радиусы аумағында 2018 жылы – 240, 2019 жылы – 228, 2020 жылы – 136, 2021 жылы – 105, 2022 жылы 99 орын анықталды. Ал 2023 жылы 74, былтыр 120 орынға рұқсатсыз қалдық тасталғаны белгілі болды, - делінген хабарламада.

Департамент мамандары көрсеткіш жылдан-жылға азайып келе жатқанымен халықтың үйреншікті аландарға қоқыс тастауы тыйылмай тұрғанын атап өтті. Айта кетейік, осындай аландар санын азайту мақсатында облыс әкімінің қаулысымен 2015-2016 жылдар аралығында 145 елді мекенде тұрмыстық қатты қалдық полигондарын салу үшін жалпы аумағы 402 гектар жер учаскелері берілген.

Еске салсақ, елімізде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық жиналады, ал оларды қайта өңдеу деңгейі өткен жылы 25,8% болды.

Н.Саниязова, inform.kz материалдар бойынша, фото: freepik.



В КАЗАХСТАНЕ РАЗРАБОТАЛИ МЕТОД УЛАВЛИВАНИЯ УГЛЕКИСЛОГО ГАЗА ИЗ ВОЗДУХА



Ученые Школы горного дела и наук о Земле Назарбаев Университета под руководством ассистент-профессора Махмуда Лейла разработали способ промышленного применения природного механизма улавливания углекислого газа, передает корреспондент агентства Kazinform. Их научное открытие было опубликовано в одном из самых авторитетных международных журналов - Nature Scientific Reports.

Испокон веков горные породы обладали способностью впитывать углекислый газ из атмосферы и надежно «запечатывать» его, препятствуя его возвращению обратно в воздух. В результате такого взаимодействия углекислый газ связывается в твердой минеральной форме. Однако с наступлением индустриальных революций природное равновесие было нарушено: объемы выбросов парниковых газов выросли настолько, что планета больше не успевает поглощать их естественным путем.

Ученые нашли способ значительно ускорить этот природный процесс, превратив его в рабочую технологию, потенциально пригодную для масштабного применения.

Механизм «каменного плена» для углекислого газа.

В своей работе исследователи выбрали горные породы, содержащие большое количество железа и магния. Эти вещества при взаимодействии с углекислым газом вступают в химическую реакцию, в ходе которой под воздействием пониженной температуры и давления образуются устойчивые твердые минералы. В таком виде углекислый газ становится химически связанным и больше не может попасть обратно в атмосферу - он, по сути, запечатывается внутри «каменного панциря». Чтобы оценить, насколько можно ускорить этот процесс по сравнению с его естественным протеканием, ученые провели моделирование с использованием компьютерных технологий. Результаты показали, что уже в течение первой недели после начала реакции концентрация углекислого газа в смеси начинает меняться. А спустя три месяца вся смесь превращается в твердое минеральное вещество, и весь углекислый газ оказывается надежно захвачен.

В дальнейшем смоделированный процесс был воспроизведен в специально разработанном лабораторном реакторе, и на этот раз аналогичный результат был достигнут менее чем за месяц.

Экологическая польза и экономическая выгода

- Наше исследование имеет не только важное экологическое значение, но и практическую экономическую ценность. Минералы, в которых зафиксирован углекислый газ, можно использовать в качестве экологически чистых строительных и теплоизоляционных материалов, - поясняет ассистент-профессор Махмуд Лейла.

По ее словам, одна тонна таких карбонатных теплоизоляционных материалов на рынке может стоить до 25 тысяч долларов.

Что понадобилось для ускорения процесса?

Чтобы ускорить процесс минерализации углекислого газа, исследователи добавляли в смесь специальные катализаторы и химические компоненты, а также использовали измельченную горную породу. Ученые признают, что внедрение этой технологии в промышленность может оказаться затратным, поскольку требует значительных объемов воды и большого количества энергии.

- В рамках исследования мы также оцениваем, насколько различные источники воды могут быть оптимальными для реализации этого процесса. Кроме того, изучается возможность использования отходов ультрамафитовых пород - это горные породы с высоким содержанием железа и магния, - добавил Махмуд Лейла.

По словам авторов проекта, особенно большое количество горных пород, пригодных для безопасного улавливания углекислого газа, сосредоточено в Актюбинской и Карагандинской областях. Используя их, можно поглотить миллиарды тонн углекислого газа.

Ученые убеждены, что благодаря такому геологическому потенциалу Казахстан может стать ключевым региональным центром по безопасному хранению углекислого газа, что значительно укрепит позиции страны в международной экологической повестке.

Ранее мы сообщали о том, что инженер Анар Сандыгулова разработала инновационную методику реабилитации детей с аутизмом с помощью роботизированной терапии на базе искусственного интеллекта.

По материалам А.Эсеналиевой, inform.kz, фото: freepik.

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА

Источник: gismeteo.kz

Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.

Ср., 17 сентября 2025	Чт., 18 сентября 2025	Пт., 19 сентября 2025	Сб., 20 сентября 2025	Вс., 21 сентября 2025	Пн., 22 сентября 2025	Вт., 23 сентября 2025
+21°C Облачно	+21°C Облачно	+23°C Ясно	+23°C Ясно	+25°C Малооблачно	+23°C Облачно	+23°C Малооблачно
⇒ 4 м/с З	2 м/с СЗ	3 м/с СВ	⇐ 6 м/с В	⇒ 4 м/с З	4 м/с ЮЗ	3 м/с ЮЗ
73% влажн.	89% влажн.	86% влажн.	67% влажн.	55% влажн.	64% влажн.	77% влажн.
752 мм рт.ст.	752 мм рт.ст.	753 мм рт.ст.	751 мм рт.ст.	745 мм рт.ст.	751 мм рт.ст.	755 мм рт.ст.
+9°C Облачно	+9°C Малооблачно	+9°C Ясно	+12°C Малооблачно	+15°C Малооблачно	+14°C Облачно	+13°C Малооблачно

"БЖЗҚ" АҚ-ДА (БЖЗҚ) "АШЫҚ ЕСІК КҮНІ": ҚР САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АЙТАМЫЗ, БЖЗҚ-НЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРАМЫЗ

Халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 2025 жылғы 24 қыркүйекте "БЖЗҚ" АҚ "ҚР Салық кодексіндегі біржолғы зейнетақы төлемдеріне салынатын салыққа қатысты өзгерістер. Цифрлық БЖЗҚ – салымшыларға ыңғайлы болу үшін" тақырыбында "Ашық есік күнін" өткізеді.

2025 жылғы 18 шілдеде мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне қол қойды. Онда БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түріндегі кірістерді 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке табыс салығынан (ЖТС) босату көзделген. Алайда, бұл өзгерістің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге еш қатысы жоқ. Сондай-ақ, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтық шегерімдер де жойылады. Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тіпісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

Ашық есік күнін өткізу кезінде БЖЗҚ салымшыларына 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енетін ҚР жаңа Салық кодексінің зейнетақы төлемдеріне қатысты негізгі ережелері туралы толығырақ ақпарат алуға, сондай-ақ БЖЗҚ-ның цифрлық форматта көрсетілетін қызметтерімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Бұған қоса, қатысушылар Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы барлық мәселелер бойынша білікті кеңес ала алады.

Кездесу онлайн-форматта өтетін болғандықтан, оған барлық ниет білдірушілердің қатысуына мүмкіндік беріледі. Іс-шара салымшыларға да, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты материалдар жариялауға тартылған журналистерге де пайдалы болады деп үміттенеміз.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу қажет.

Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз: https://enpf.webex.com/weblink/register/r99587e18df707fbee392b257394caf6c

Event-мәжіліс нөмірі: (2511 514 1742)

Event-мәжіліс паролі: (Qaz123)

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

«ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ» В АО «ЕНПФ»: РАЗЪЯСНЯЕМ ИЗМЕНЕНИЯ В НАЛОГОВОМ КОДЕКСЕ РК ПО НАЛОГООБЛОЖЕНИЮ ЕДИНОВРЕМЕННЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЫПЛАТ, А ТАКЖЕ ЗНАКОМИМ С ЦИФРОВЫМИ УСЛУГАМИ ЕНПФ

В рамках информационно-разъяснительной работы среди населения 24 сентября 2025 года АО «ЕНПФ» проведет «День открытых дверей» на тему: «Изменения в Налоговом кодексе РК по налогообложению единовременных пенсионных выплат. Цифровой ЕНПФ, всё для удобства вкладчиков».

Как известно, 18 июля 2025 года Главой государства подписан новый Налоговый кодекс Республики Казахстан, который предусматривает освобождение с 1 января 2026 года доходов в виде пенсионных выплат, единовременных пенсионных выплат на жилье/лечение (ЕПВ) из ЕНПФ от индивидуального подоходного налога (ИПН), за исключением пенсионных выплат из ЕНПФ, осуществляемых нерезидентам Республики Казахстан. Также изменения включают отмену с 1 января 2026 года налоговых вычетов по добровольным пенсионным взносам, произведенным в свою пользу, применяющихся в установленных Налоговым кодексом размерах к доходу, подлежащему налогообложению у источника выплаты.

При этом сохранится норма о том, что добровольные пенсионные взносы, перечисленные налоговым агентом в ЕНПФ в пользу работника, не являются доходом физического лица (соответственно, не облагаются ИПН), а для работодателя такие расходы подлежат вычету при расчёте корпоративного подоходного налога. То есть в этом случае налоговые льготы получает и работник, и работодатель.

Во время проведения Дня открытых дверей вкладчикам ЕНПФ представится возможность получить более подробную информацию об основных положениях нового Налогового кодекса РК, вступающего в силу с 01 января 2026 года в части касающейся пенсионных выплат, а также ознакомиться с услугами ЕНПФ, оказываемых в цифровом формате.

Помимо этого, участники смогут получить квалифицированную консультацию по всем вопросам о накопительной пенсионной системе Казахстана.

Встреча пройдет в онлайн-формате, что позволит принять участие в ней всем желающим. Надеемся, она будет полезна – как вкладчикам, так и журналистам, задействованным в освещении тем, касающихся накопительной пенсионной системы Казахстана.

Для участия в мероприятии необходима регистрация.

Просим Вас пройти по ссылке: https://enpf.webex.com/weblink/register/r99587e18df707fbee392b257394caf6c

Номер event-совещания: 2511 514 1742

Пароль event-совещания: Qaz123

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ПАПИЛЛОМА ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН АЛУ?

АПВ - бұл адам папиллома вирусы. Бұл вирустың көптеген түрі тері мен шырыш қабатында қатерсіз өзгерістерді тудырады (соның ішінде сүйел), бірақ папиллома вирусының кейбір түрлері қатерлі ісік тудырады

Адам папилломавирусы (HPV) - вирустық ауру. Оған барлық адамдар тап болады. Оның 120-дан астам түрі сипатталған, олардың 15-і онкогенді және қатерлі ісік тудыруы мүмкін. Әсіресе, 16-шы және 18-ші тип - ең қауіпті, жатыр мойны обырына шалдығу ықтималдығы жоғары.

Қазақстанда жатыр мойны ісігі әйелдерде кездесетін онкологиялық аурулардың арасында екінші орында тұр. Елімізде жыл сайын екі мыңға жуық әйел осы дертке шалдықса, 600-ге жуығы қайтыс болады. Ал әлемде әрбір екі минут сайын жатыр мойны обырынан бір әйел көз жұмады. Папиллома вирусы негізінен адамнан адамға жыныстық жолмен жұғады. Десе де киім, орамал арқылы - тұрмыстық жолмен берілу фактілері де кездесіп жатады.

Басқалары онша ауыр емес көріністерді тудырады: сүйелдер, кондиломалар және папилломалар өсуі мүмкін. Түріне байланысты вирус ауыз қуысының, көмейдің, жыныс мүшелерінің, анустың, қол мен табанның терісіне әсер етеді. Бұл вирустың ерекшелігі-ол қарапайым теріге тиген кезде де жұғады. Ересектер мен көптеген балалар оны жиі жұқтырады, бірақ бұл қорқынышты емес және ол із қалдырмайды. 90-98% жағдайда 1-2 жылдан кейін организм вирустың өзімен күреседі, мұндай жағдайларда инфекция өтпелі деп аталады.

Жатыр мойны обырының 97%-ы осы вируспен байланысты. Созылмалы вирус тасымалдау белгілі бір жағдайда жатыр мойны обырының дамуына әкелуі мүмкін.

Бүгінде жатыр мойны обыры - дамушы елдердегі әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісіктің бірі.

Жатыр мойны қатерлі ісігі еш симптомсыз өтуі немесе жыныс жолдарынан кез келген қалыпты емес бөлініс, іштің төменгі бөлігіндегі және бел аймағындағы ауырсыну болуы мүмкін.

Жатыр мойының қатерлі ісігін тудыратын адам папиломасы вирусы болғандықтан осы ауруға қарсы вакцинация алып жатыр мойының оборын алдын алуға болады.

Адам папиломасы вирусына қарсы алғашқы вакцина 2006 жылдан бастап пайда болған бүкіл әлемде 100 миллионнан астам адамға екпе егілген, осы мақсатта вакцинаның 270 миллионнан астам дозасы пайдаланылды, бұл күрделі реакциялар тудырмады.

Орталық Азия бойынша көршілес елдерде Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанды қоса алғанда 135 ел Ұлттық күнтізбесіне АПВ вакцинациясымен енгізілген.

2024 жылғы қыркүйек айынан бастап Қазақстанда 11 жасар қыз балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізілетін болады. АПВ-ға қарсы вакцинациялау үшін 2-валентті,4 валентті, 9-валентті түрлері бар. Қазахстанда соның 4- валентті түрі қолданылады, ол Америка құрама штатында жасайтын Дартоксан деп аталатын вакцина, ол 4 түрінен қорғайды (АПВ-6, 11, 16, 18 – нің). Вакцинация екі кезеңде жүргізеді, ата аналардың келісімімен жүргізіледі.



Екінші дозасы 6-айдан кейін салынады.

Зерттеулер көрсеткендей, вакцинаның қорғау мерзімі ұзаққа созылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, екпенің иммуногенділігі вакцина енгізілгеннен кейін 10 жыл ішінде төмендемеген.

Вакцинаны бүкіл әлем бойынша мыңдаған адам зерттеді және осы зерттеулердің нәтижесінде ешқандай елеулі жанама әсер табылмады. Ең жиі кездесетін жанама әсер ретінде тек инъекция орнында қызаруы немесе ісінуі, болмашы дене қызуының жоғарылауы, бас айналу және жүрек айнуы болуы мүмкін, олар әдетте бірнеше сағаттан бір күнге дейін созылады.

Қазақстанда жатыр мойны обырын ерте анықтау бойынша Ұлттық скринингтік бағдарлама жүргізіліп жатыр. 30-70 жас аралығындағы әрбір әйел өз емханасында жатыр мойны обырына тегін скринингтен өте алады.

АПВ алдын алу.

• Жыныстық қатынаста тек бір жыныстық серіктес болғаны дұрыс. Бұл әдіс жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялардан, оның ішінде АПВ-дан қорғауға мүмкіндік береді.

• Тосқауыл контрацепциясын қолдану – жеңіл, қолжетімді, бірақ әрқашан инфекциядан 100% қорғай бермейді. Науқас тіпті зақымдалған теріге тиген кезде де вирус жұқтыруы мүмкін.

• Мерзімді профилактикалық тексерулер. Қыздар гинекологиялық тексеруден тұрақты түрде өтуі керек. Осылай аурудың алғашқы белгілерін анықтап, оны емдеуді уақтылы бастауға болады.

• Вакцинация - тиімді және ыңғайлы профилактикалық әдіс! Вакцинация ерлерге де, әйелдерге де жасалуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90% - дан астамға төмендетеді.

С.ШУКИРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.

В 2026 ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ ЗАРАБОТАЕТ НАЦИОНАЛЬНАЯ СИСТЕМА УЧЕТА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ

Во исполнение поручения Главы государства, данного в Послании народу Казахстана, Министерство водных ресурсов и ирригации ведет разработку Национальной информационной системы водных ресурсов, передает агентство Kazinform.

В систему будут включены данные по поверхностным и подземным водам, гидротехническим сооружениям и другим водохозяйственным объектам. В дальнейшем планируется применение искусственного интеллекта и данных космического мониторинга, что позволит определять водный баланс страны, реальные потребности в воде экономики и граждан, анализировать и мониторить использование водных ресурсов.

В результате внедрения информационной системы будет создана единая цифровая платформа для учета и управления поверхностными и подземными водными ресурсами. Это устранит дублирование данных за счет интеграции с государственными системами, повысит прозрачность и эффективности использования воды за счет более точного прогнозирование и анализа, а также позволит эффективнее бороться с нехваткой воды и чрезвычайными ситуациями.

Разработка платформы ведется за счет грантовых средств Евразийского банка развития. Реализация проекта будет завершена до конца 2026 года. В настоящее время Информационно-аналитический центр водных ресурсов при Министерстве проводит обучающие семинары по работе в системе для специалистов бассейновых инспекций и РГП «Казводхоз».

Министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов поручил руководителям подведомственных организаций обеспечить контроль за точностью и актуальностью вносимых в Национальную информационную систему водных ресурсов данных.

- Уже проделана немалая работа. В 2026 году мы должны ввести систему в эксплуатацию. Каждый гражданин должен иметь возможность зайти в нее и получить необходимую информацию о состоянии водных ресурсов страны. Для этого должна проводиться ежедневная комплексная работа. Вносимые в систему работниками РГП «Казводхоз» и бассейновых инспекций данные должны быть точными. Отнеситесь к этому вопросу с большой ответственностью, - подчеркнул министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов.

По материалам А.Сердалиной, inform.kz, фото: Правительство.

ЭНТЕРОБИОЗ (ЖІП-ЖІҢІШКЕ ҚҰРТТАР)

Энтеробиоз (жіп-жіңішке құрттар) - паразиттік жіп-жіңішке құрттардан туындаған ауру, ішекті зарарлайды. Құрттар ұзындығы 10 мм-ге дейін жетеді және организмде 1-2 айға дейін өмір сүре алады. Аурудың көзі - инфекцияланған адам. Жіп-жіңішке құрттардың жұмыртқалары азық-түлікке, киімге, тұрмыс заттарына, жиһазға түсіп, жәндіктермен таралады.

Инфекциясы бар тамақты және суды тұтыну кезінде немесе құрамында жұмыртқалар бар шаңды жұту арқылы зақымдануға болады.

СИМПТОМДАРЫ: Энтеробиоз ұзақ уақыт бойы симптомсыз өтуі мүмкін. Ең кең таралған симптомы - анальды қышу, аналық жіп-жіңішке құрттар жұмыртқаларын осы аймаққа салған кезде пайда болады. Қышу негізінен түнде болады.

Энтеробиоздың басқа да симптомдарына мыналар жатады:

- іштің ауыруы;
- метеоризм, диарея, жүрек айну, құсу;
- тәбеттің жоғалуы, ауыздың құрғауы;
- ұзақ жөтел;
- аллергия;
- жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі;
- бас ауруы, жадының нашарлауы;
- түнгі уақытта тістерді қыстыру.

Энтеробиоздың дұрыс диагнозын қою үшін дәрігер анамнезді жинап, перианальды қатпарлардан қырын алмайды тағайындайды. Перианальды аймаққа мөлдір жабысқақ таспа қойылады, содан кейін микроскопиялық зерттеу жүргізіледі.

ЕМДЕУ: Энтеробиозды емдеу кезінде дәрігер антигельминтті препараттар мен арнайы мазьдарды тағайындайды, бірақ басты ролін жеке гигиена ережелерін сақтау ойнайды. Қолды мұқият жуу, тырнақтарды қысқа кесу, төсек және іш киімді үтіктеу, іш киімді ыстық суда жуу, үйде жиі ылғалды тазалау және тұрмыс заттарын дезинфекциялау. Жіп-жіңішке құрттардың жұмыртқаларының таралуын болдырмау үшін анальды мақта тампондар және жамбас резеңкелері бар арнайы іш киім қолданылады. Гигиеналық режимді 2-3 апта сақтау қажет, содан кейін қайтадан қырынды алынады.

Энтеробиоз келесі асқынуларға әкелуі мүмкін:

- ішек микрофлорасының бұзылуы;
- гастрит, энтерит, гастродуоденит;
- жүйке жүйесінің функцияларының бұзылуы;
- аппендицит, проктит;
- перианальды аймақтағы қабыну;
- вульвовагинит.

Алдын алу шараларына мыналар жатады:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;
- қолды жиі жуу;
- жүйелі түрде ылғалды тазалау;
- төсек орынды жиі ауыстыру;
- іш киімді күнделікті ауыстыру.

Жаңақорған аудандық СЭББ, ашық көздерден алынған фотосурет.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ 12 АЙДАҒЫ КІРІСТІЛІГІ – 14,74%

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған және ҚРҰБ басқаратын зейнетақы активтерінің соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген табыстылығы 11,80% инфляция кезінде 14,74% болды. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы активтерінің табыстылығы соңғы 12 айда 12,52% құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіш бойынша жасаған жөн.

Орта және ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 тамызға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік 1030,53% болды, ал бүкіл кезеңдегі инфляция 899,22%.

2014 жылдан бастап (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) жинақталған таза инвестициялық табыс – 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 13,81 трлн теңге. 01.08.2025ж. жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі жүзеге асырылған төлемдер есебімен 41,9% жетті, бұл азаматтардың жинақтау құрылымында инвестициялық қызметтің маңызды орын алатынын көрсетеді.

Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ЛЕЙШМАНИОЗ АУРУЫ ТУРАЛЫ БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Лейшманиоз - трансмиссивті жолмен тарайтын паразитарлық аурулар. Лейшманиоз - Leishmania туындастың қарапайымдармен шақырылатын, үндеместердің шағуы арқылы берілетін, висцеральды және терілік клиникалық түрлерінде өтетін зоонозды тропикалық паразитарлы инфекция. Лейшманиоздар - Азия, Африка, Латын Америка және Оңтүстік Европаның тропикалық аймақтарында кең тараған ауру. Бұрынғы Кеңес одағы мемлекет елдері ішінде лейшманиоз Түркмения, Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстанның Оңтүстік аймақтарында және Грузия мен Арменияда тіркелген.

Адамдар арасында тері лейшманиозы (теріні зақымдайды) және висцералды лейшманиоз (ішкі мүшелерді зақымдайды) деп екіге бөлінеді. Инфекцияның көзі - тышқандар, ал оны таратушылар үндеместер қоздырғышты адамға жұқтырады. Бірақ ауру адамнан адамға жұқпайды.

Клиникасы - ауру белгілері сырқаттану барысында терілік лейшманиозда бірінші алқызыл түсті тез үлкейетін 2-3 мм көлемді төмпешік пайда болады, Төмпешік күшті қабынулық инфильтратпен, айқын емес шекарасымен, ісікпен фурункулға айналады. Сондай-ақ жан-жағында жараның шығуымен, лимфа түйіндерінің ұлғаюымен сипатталады.

Инкубациялық кезеңі 1 жылға дейін. Қоздырғыштарды тасымалдаушы үндеместер кеміргіштердің қанын сорғаннан кейін 6-8 күн өткенде жұқтырғышқа айналады. Инфекцияланған үндемес шаққаннан кейін ауру адамға өтеді. Аурудың жасырын кезеңі 2 аптадан 4 айға дейін созылады, күз, қыс айларында ұзақ уақыт жазыла қоймайтын, орнында тыртық қалдыратын жаралар пайда болады. Халық емшілері тері лейшманиоз ауруын емдеймiз деп түрлі дәрі-дәрмектерді ашық жарақат бетіне себуі салдарынан,жара ұлғайып жазылуы ұзаққа созылуда. Сондықтан алғашқы белгілер пайда болғаннан бастап облыстық тері венерологиялық диспансеріне қаралу қажет.

Профилактикалық шаралар:

- Елді мекендерде санитарлық тазалықты сақтау.
- Адамдардың жеке басын москиттерден қорғауы.

- Лейшманиоздың табиғи резервуарларымен (иттер, қасқырлар, шибөрі, кеміргіштер) күрес жүргізу.
- Кеміргіштерге қарсы жаппай залалсыздандыру
- Лейшманиоз ауруы тіркелген табиғи ошақтарда москиттерге қарсы шаралар жүргізу.

Алдын алу ережелерін бұлжытпай орындаған жағдайда ғана, өзіңізді лейшманиоз, безгек ауруын жұқтырудан сақтауға болатынын естен шығармаңыз!

Р.БИМАҒАМБЕТОВ,
Сырдария аудандық СЭБ
Басқармасының бас маманы.

АРТЫҚ НЕМЕСЕ ҚАТЕ ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАРДЫ ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ Н/Е КЕРІ ҚАЙТАРУ, СОНДАЙ-АҚ, ТӨЛЕМДЕРДІҢ, АЙЫППҰЛДАРДЫҢ, АЛЫМДАРДЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ, ТӘРТІПТЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

Қазіргі таңда барлық өтініштер 100 % электронды түрде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық түрін электронды түрде жүзеге асырудың негізгі мақсаты:

халыққа тез әрі сапалы қызмет көрсету болса, екінші жағынан сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызбау болып табылады.

Есепке жатқызу немесе кері қайтару үшін өтініштерді «Е – Salyq» қосымшасы арқылы немесе Салық төлемгерінің кабинеті арқылы жолдай алады. Өтініштердің қаралу мерзімі 5 жұмыс күні болып табылады.

Баж және тіркеу алымдарын кері қайтару Салық кодексінің 101, 108 - баптарына сәйкес жүргізіледі. Баж, тіркеу алымдары төлемі жасалған орны, жері бойынша кері қайтарылады, баж, тіркеу алымдарын кері қайтару мақсатында СТ электронды өтінішке қоса осы алымдардың кері қайтару негіз болып табылатын құжатын қоса тіркеп жолдау қажет.

Сондай-ақ, егер СТ сотқа арызданған болса, бұл ретте баж алымын кері қайтару үшін заңдылықтарға сәйкес заңды күшіне енген сот шешімі немесе ұйғарымы болуы тиіс.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап қате немесе артық төлемдерін есепке жатқызу автоматты түрде орындалады, яғни СТ-дің электронды өтініштері келіп түскеннен бастап автоматты түрде қабылданып, өңделеді.

Мемлекеттік уәкілетті органдары тарапынан салынатын айыппұлдар сомасын кері қайтару Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 04.12.2014 жылғы № 540 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Қате төленген айыппұлдарды кері қайтару үшін жауапты уәкілетті органға СТ өз өтінішімен жүгініп, өтінішпен қоса банк есеп шоттарды ұсынады. Бұл жерде уәкілетті орган Қызылорда облысы бойынша әкімшілік полициясы болып табылады. Жоғарыда аталған бұйрыққа (№540) сәйкес өтініш 8 жұмыс күнінде қаралып, жұмыс жасалады, яғни уәкілетті орган 66-шы қорытындысын дайындап, бекітіп, салық органына қатынас хатымен орындауға жолдайды.

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдар сомасын қайтару бойынша сұрақтармен жеке тұлғалар көп келеді, Ол жағдайда, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.06.2023 жылғы №229 бұйрығына 2-қосымшамен бекітілген.

Яғни, қате (артық) төленген төлемді қайтару үшін Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, төлемді растайтын құжаттарды тіркеу қажет болып табылады.

Қызылорда қаласында қанша уәкілетті орган орналасқан болса, барлық уәкілетті органға заңдылықтарға сәйкес өз құзыреттеріне бекітілген БСК-ы бар, яғни өз түсімдерін қадағалау, кері қайтару барлығына жауапты.

Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ПЕРЕРАБОТКА МУСОРА В КАЗАХСТАНЕ: КАК ОТХОДЫ ПРЕВРАЩАЮТ В ПОЛЕЗНЫЕ ИЗДЕЛИЯ

В Казахстане около 70 компаний занимаются сбором и переработкой твёрдых бытовых отходов. Одни сокращают объёмы мусора за счёт сортировки и утилизации, другие дают отходам вторую жизнь, превращая их в тротуарную плитку, малые архитектурные формы и другие полезные изделия, передает корреспондент «24KZ». Уже пять лет эта команда помогает делать город чище и экологичнее. Из пластиковых отходов изготавливают скамейки, урны и другие нужные предметы. Производство безопасно для окружающей среды - переработка проходит при невысокой температуре и без вредных выбросов в атмосферу, говорят работники предприятия.

Нурбакыт Елеусизов, бригадир:

- У нас 70% идёт песок, 30% - пластика. Делаем 15-16 видов скамеек, потом 15-16 видов урн. У них гарантия на 50 лет. Они вообще не гниют, красить их не нужно. На солнце и на морозе это никак не влияет. Иными словами, полученный материал по прочности не уступает бетону. Только вместо цемента в нём используется переработанный пластик. В месяц предприятие обрабатывает до 20 тонн отходов. К примеру, на изготовление одной скамейки уходит около 5,5 тысяч целлофановых пакетов. Продукция востребована по всему Казахстану. Компания работает по индивидуальным заказам.

Гайнур Токтаров, директор по производству:

- Пластика очень много, он везде есть и засоряет экологию. Поэтому в первую очередь стоит вопрос о его переработке. Наша компания фактически занимается утилизацией пластика, причём это безотходное производство. Нашу продукцию можно увидеть рядом со школами и во дворах. В Казахстане всего 19 компаний, занимающихся переработкой отходов. Они используют не более 10% от общего объёма мусора. Сдать на вторичную переработку можно лишь ограниченный перечень материалов. В основном это макулатура, полимерная и стеклянная упаковка, шины, отработанные масла, а также алюминиевые и жестяные изделия. Развитием системы переработки в стране занимается отдельный департамент в организации, подведомственной Минэкологии. Она курирует компании, которые собирают, сортируют и перерабатывают мусор. Главная задача - создать условия, при которых отходы возвращаются в экономику как вторичное сырьё.

Рустем Ускенбаев, главный менеджер департамента по организации обращения с отходами АО «Жасыл Даму»:

- На сегодняшний день зарегистрировано 66 компаний, которые подписали соглашения о присоединении к нашему типовому договору. Каждый из субъектов предпринимательства может предложить свои отходы как вторичное сырьё. У нас задействовано несколько ролей: сборщик, переработчик и предприятие полного цикла. Наша компетенция - это, в основном, уже отсортированные отходы. В составе твёрдых бытовых отходов мы чаще всего встречаем упаковку, потому что она наиболее распространена. В мире можно перерабатывать до 90% отходов - к такому выводу пришли международные эксперты. Однако в Казахстане ситуация ещё далека от идеала. По данным World Population Review, страна занимает 53-е место среди 211 по неэффективной работе с отходами. Речь идёт, прежде всего, о пластике.

По материалам А.Утешевой,
Ы.Оспановой, www.24.kz, фото: www.24.kz.

***

"Чекті талап етіңіз, жүлдені ұтып алыңыз" акциясы қайтадан іске қосылды! Тек екі шарты бар: «Amian» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кез-келген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған. Бұнымен қоса, тоқсанына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер Департаменті.

***

Акция "Требуй чек, выиграй приз" снова работает! Всего два условия: приложение «Amian» и любой фискальный чек с датой выдачи не более 24 часов загруженный в приложение и всё вы уже участник акции. Каждый день розыгрыш от 5 до 10 тысяч тенге. И это еще не всё, раз в квартал в каждой области Казахстана будет определен лидер по количеству фискальных чеков, загруженных в приложение. Он получит вознаграждение в размере 100 тысяч тенге. Требуй чек каждый день и выигрывай реальные деньги, реальные деньги!

Департамент государственных доходов
по Кызылординской области.

«ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОРАПТАРЫ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН НЫСАНДАРЫНА БАРУ АРҚЫЛЫ БАСПАСӨЗ ТУРЫ ӨТТІ

2025 жылғы 11 қыркүйегінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен баспасөз туры өткізіліп «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ нысандары қаралды.

Қазіргі уақытта электр желілерінің тозуы 63,9 пайызды құрайды.

Электр желілерінің тозу дәрежесін төмендету және жабдықтау сапасын арттыру мақсатында Департаментпен «ҚЭТТК» АҚ-на жалпы сомасы 12 855,9 млн.теңгеге 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

«ҚЭТТК» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы негізгі қорларды жаңарту, жаңғырту, желілердегі апаттық жағдайды азайту және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қарастырады.

«ҚЭТТК» АҚ-ның 2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламасымен жалпы сомасы 3 179,8 млн.теңгеге төмендегідей іс-шара жүргізілді, оның ішінде:

- өз қаражат есебінен 460,062 млн.теңгеге жалпы ұзындығы 33,36 шақырымды құрайтын 10/0,4кВ электр әуе желілерін қайта жаңғырту, сонымен қатар, телемеханика жүйесін жаңарту және SCADA ға қосылу 1 жынтық, 131 дана электр есептегіш қондырғыларын қайта құру мен АСКУЭ-ге қосу жұмыстары жүргізілді;
- 2 719,7 млн.теңге бюджет қаражатын пайдалана отырып, жалпы ұзындығы 11 шақырымды құрайтын 35/10/0,4кВ әуе желісін, ұзындығы 12,65 шақырым 10/0,4 кВ кабель желісін қайта құру, ескі ТП, КТПН-10/0,4 кВ блоктық үлгідегі КТПБ-ға ауыстыру 22 бірлік, КСО, ШО, тр-р жабдығын ауыстыру 56 дана, ЦРП/ТП-10/0,4 кВ ғимараттарын жөндеу 24 дана, 62,74 шақырым «Сырдария ауданы Шаған ауылдық округінің тұрғын алаптарын электрмен қамтамасыз ету», 16,98 шақырым «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кент көшелері бойынша электр желілерін реконструкциялау» жұмыстары жүргізілді.

2025 жылға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде барлығы 7 521,58 млн. теңге көзделген, оның ішінде:

- өз қаражаты есебінен 532,610 млн. теңге сомасына ұзындығы 30,15 шақырым Қызылорда қаласындағы 10/0,4кВ әуе желісін қайта жаңғырту және қайта құру, электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және 1299 дана АСКУЭ-ге қосу, телемеханика жүйесін жаңғырту және SCADA-ға қосу 2 жынтық, автотехника сатып алу 3 бірлік;
- бюджет есебінен 6998,97 млн.теңге сомасына 16 шақырым ӘЖ-35 кВ Л-33, Л-34 КС-220/35/10кВ «КТЭЦ» – ҚС-35/10 кВ «Шұғыла», 180,762 шақырым электр желілері және 73 бірлік 10/0,4 кВ қосалқы станциясы «Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту», сонымен қатар, «Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі «Шиелі» КС-220/35/10кВ жынтық қайта жаңартылу үшін жоспарланған.

Қазіргі таңда 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама - 79% орындалды.

ҚР Ұлттық экономика Министірлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті.

ҚЫЗЫЛОРДА ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУШЫ КӘСІПОРЫНДАРЫ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ШАМАМЕН 24 МЛН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРАДЫ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті(бұдан әрі-Департамент) сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК (бұдан әрі- «ҚЖЭО» МКК), «ҚЖЭО» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы, «Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта есептеді. Жылыту кезеңін тексеру барысында, жеткіліксіз жылу беру фактілері анықталды. Осыған байланысты көрсетілген кәсіпорындар тұтынушылар қаражатын қайтарды, бұл ретте тұрғындардың шоттары төленді. Осыған байланысты, төлем сомасын азайтуға міндетті.

Қайтарудың жалпы сомасы ҚҚС есебімен 23 900 120 теңгені құрады, оның ішінде:

- «ҚЖЭО»МКК бойынша-23 163 760 теңге;
- «ҚЖЭО» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы бойынша –731 130 теңге;
- «Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС бойынша-5 230 теңге.

Осы қайта есептеулер, есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін жүргізіледі.

Қаражатты қайтару 2025 жылғы қазан айындағы түбіртек төлемін азайту арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама телефоны: 8 724 2 26 37 98.

ҚР Ұлттық экономика Министірлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті.

ХИМИЯЛЫҚ УЛАНУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Химиялық улану-адам ағзасына уытты заттардың тыныс алу жолдары, ас қорыту жүйесі, немесе тері арқылы түсуінен пайда болатын қауіпті жағдай. Улы химиялық заттар өндірісте, тұрмыста, ауыл шаруашылығында, сонымен қатар тұрмыстық химиялық құралдарда да кездеседі.

Химиялық уланудың негізгі себептері:

1. Өндірістік факторлар:

Зауыттарда, шахталарда, химиялық кәсіпорындарда қауіпті заттармен жұмыс істеу.

2. Тұрмыстық себептер:

Тазалау құралдарын, бояуларды еріткіштерді дұрыс қолданбау.

3. Ауыл шаруашылығы:

Пестицидтер, тыңайтқыштар, гербицидтерді абайсызда пайдалану.

4. Кездейсоқ жағдайлар:

Газдың шығуы, тұрмыстық апаттар, өрт кезінде улы түтіннің әсері.

Уланудың белгілері:

Химиялық улану белгілері удың түріне байланысты әртүрлі болады, бірақ ең жиі кездесетіндері:

-Бас ауруы, бас айналу,
-Құсу, жүрек айну;
-Тыныстың тарылуы, жөтел, кеуде қыспасы;
-Көздің жасауруы, қызаруы;
-Теріде бөртпе, күйдіру сезімі;
-Есінен тану, құрысу

Алғашқы көмек шаралары:

1. Зардап шегушіні таза ауаға шығару;
2. Улы затпен жанасуды дереу тоқтату;
3. Киімін шешіп, терісін таза сумен жуу;
4. Егер у ауыз арқылы түскен болса- асқазанды шаю (дәрігердің нұсқауымен);
5. Тыныс алу қиындаса- жасанды тыныс, оттегі беру;
6. Жедел жәрдем шақыру.

Алдын алу жолдары:

-Химиялық заттарды тек нұсқаулықтарға сай пайдалану;
-Қорғаныс құралдарын (респиратор, қолғап, арнайы киім) қолдану;
-Балалардан улы заттарды алыс ұстау;
-Өндірісте қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау;
-Газ жабдықтарын, тұрмыстық құралдарды уақытылы тексеріп отыру.

Химиялық улану- өмірге қауіпті жағдай, оны алдын алу әр адамның жауапкершілігіне байланысты. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, уақытылы алғашқы көмек көрсету және дәрігерге жүгіну - уланудың ауыр зардаптарын болдырмаудың негізгі жолы.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өнешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады. Сондықтан ауырған адамның үйде жатып емделгені, не дәрігерді үйге шақырғаны дұрыс.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, жалпы әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, карттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалануды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Тұмаудың алдын алу үшін:

1. Ең тиімді, сенімді жол-тұмауға қарсы егілу (вакцинация);
2. Үйдің ауасын жиі желдету арқылы тазарту, бөлмелерді дымқыл шүберекпен сүртіп тазарту;
3. Бөлмелерді қалыпты температуралық режимде ұстау;
4. Жеке бас тазалығын сақтау;
5. Қолды жиі жуу немесе бірреттік ылғалды қол орамал пайдалану немесе беторамалдарды жиі ауыстыру;
6. Дене шынықтыру, таза ауада көбірек болу;
7. Құнарлы және сапалы тамақтану;
8. Халықтың жиі шоғырланатын жерінде болуды шектеу.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше ем жүргізбей, дәрігерге қаралу қажеттігін естен шығармаған жөн.

Саракул ШУКИРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ТОЛЬКО 20% ПОЛИГОНОВ ТБО СООТВЕТСТВУЮТ НОРМАМ В КАЗАХСТАНЕ

Сегодня в Казахстане работает около трёх тысяч полигонов твёрдых бытовых отходов, и большинство из них - почти 90% - расположены в сельской местности, передает «24KZ». Однако только пятая часть соответствует экологическим и санитарным требованиям. Остальные, а это порядка 2400 объектов, не имеют разрешительных документов, но продолжают работу, поскольку обеспечивают жизнедеятельность сёл. В Минэкологии признают, действующие требования к полигонам сейчас одинаковы как для городов, так и для сёл, а это серьёзная нагрузка на местные бюджеты. Чтобы решить проблему, ведомство намерено упростить нормативы для сельских территорий и параллельно реализует план по строительству 100 новых полигонов до 2029 года. Семь из них уже введены в эксплуатацию, остальные - на разных стадиях реализации. По оценкам специалистов, только на приведение в порядок полигонов одной области может понадобиться до 200 миллиардов тенге.

Аблай Алмуханов, заместитель директора Департамента управления отходами МЭПР РК: - Все полигоны и свалки, которые находятся и функционируют в населённых пунктах, были построены в советское время и уже не отвечают действующим экологическим требованиям. Закрыть их сразу нельзя, потому что населению больше некуда скидывать отходы, и это поспособствует образованию несанкционированных стихийных свалок. Слабая ситуация по полигонам наблюдается, например, в Западно-Казахстанской и Павлодарской областях, где процент соответствия требованиям составляет около 3–5%. Мы планируем узаконить сельские полигоны - это не означает, что полигон получит полноценные разрешительные документы. Мы предусматриваем минимальные требования; выполняя их, акиматы смогут хотя бы привести полигоны в порядок, то есть оградить забором, провести буртование и так далее. Эти требования являются подъемными и выполнимыми для сельских территорий.

По материалам www.24.kz, фото: www.24.kz.

ТАҒАМНАН УЛАНУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? ОДАН САҚТАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Тағамнан улану дегеніміз - микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушаңдық. Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы. Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және қоректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериалды улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады.

ТАҒАМНАН УЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ- Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады. Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет. Аурудың алдын-алу жолдары: - тамақтанар алдында қолды жуу; - термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу; - тек қайнатылған немесе бөтелке суын ішу; - тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау; - кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу; - үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау; - тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы, фото: www.gov.kz.

ЖЕР САЛЫҒЫ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 497 бабы бойынша Салық салу мақсатында барлық жердер олардың нысаналы мақсатына және тиісті санаттарға тиесілі болуына қарай қарастырылады. Жердің белгілі бір санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендердің жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінеді:

